

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2023 жылғы «22» ақпан

«БЕКІТІЛДІ»

Республикалық заң консультанттары
алқасының басқармасы
2023 жылғы «30» наурыз, № 1 хаттама

Заң консультанттарымен заң көмегін көрсету СТАНДАРТТАРЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Заң консультанттарының заң көмегін көрсету стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар) «Өзін-өзі реттеу туралы», «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген. Стандарттар заң көмегін көрсетудің бірыңғай талаптарын қамтиды және оның сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2. Заң көмегін көрсету мынадай қағидаттарға негізделеді:

- заң үстемдігі;
- заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі;
- клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау;
- клиенттің мүддесінде заң көмегін ұсыну;
- кәсіптік құпияны сақтау;
- кәсіптік және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау;
- заң көмегін көрсету шектері мен шараларын айқындау еркіндігі;
- заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау;
- сотқа, сот ісін жүргізу қағидаларына және кәсіп бойынша әріптестерге құрмет;
- заң көмегінің қолжетімділігі.

1.3. Заң көмегін көрсету кезінде клиенттің ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемітетін, оның жеке өмірінің қолсұғылмаушылығына қол сұғатын, оның жеке және отбасылық құпиясын, жеке салымдар мен жинақ ақшалардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесулердің, пошталық, телеграфтық және өзге де хабарлардың құпиясын бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

1.4. Заң консультанты өзінің құқықтарын жүзеге асыру және кәсіптік міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады. Заң консультанттарының қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген

жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді.

2. Заң консультантының құқықтары мен міндеттері

2.1. Заң консультанты өкіл ретінде әрекет ете отырып:

- заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда білдіруге;
- барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан заң көмегін көрсетуге қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;
- процестік құжаттарды, сот істерін қоса алғанда, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға;
- заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;
- мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;
- заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңмен тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;
- татуластыру рәсімдерін жүргізуге;
- кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттер жасауға құқықты.

2.2. Заң консультанты:

- Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға;
- өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы белгілеген Кәсіптік әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға;

- кәсіптік қызметте заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға;
- соттарда тұлғалардың мүдделерін білдіру түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға;
- біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға;
- кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асыруға;
- клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;
- заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- клиентке заң консультанттары палатасына мүшелігі туралы ақпарат беруге;
- клиенттің талап етуі бойынша заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға;
- клиенттің талап етуі бойынша, өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен үзінді-көшірме ұсынуға;
- егер клиент бұған қарсы болмаса, клиентпен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;
- клиенттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындауға;
- заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күнінен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық құжаттар нысанында клиенттің талап етуі бойынша сақтауға міндетті.

3. Заң консультанттары көрсететін заң көмегінің түрлері

3.1. Заң көмегін көрсете отырып, заң консультанттары:

- құқықтық мәселелер бойынша ауызша нысанда да, жазбаша нысанда да кеңес береді;
- арыздар, шағымдар, өтінішхаттар мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жасайды;
- мемлекеттік органдарда, соттарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда клиенттің мүдделерін білдіреді;
- клиенттің өкілі ретінде:
 - азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуге;
 - медиация жүргізу кезінде, төрелікте және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға;
 - атқарушылық іс жүргізуге қатысады;
- заңнамамен тыйым салынбаған өзге заң көмегін де көрсетеді.

4. Заң көмегін көрсету туралы шарт жасасу тәртібі мен шарттары

4.1. Заң көмегін көрсетудің негізі заң көмегін көрсету туралы жазбаша келісім болып табылады.

4.2. Заң консультанттары көмек сұрап жүгінген тұлғамен өз атынан заң көмегін көрсету туралы шарт жасайды. Шарт үлгісі осы Стандарттардың 1-қосымшасында берілген.

4.3. Заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін заң консультанты заң көмегін көрсеткен жағдайда, клиентке заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты заңды тұлға жасасады.

4.4. Заң консультанты көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу мөлшерін істің нәтижесіне немесе оның қызметінің табыстылығына байланысты ететін шарттарды не тағайындалған соманың бір бөлігін заң консультанты алатын шарттарды жасасуға жол берілмейді.

4.5 Заң консультанты көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшері жазбаша шартта белгіленеді.

4.6. Шарттың бір данасы шарт жасасқан клиентке беріледі.

5. Заң көмегін көрсету алгоритмі

5.1. Заң консультанты заң көмегін көрсету кезінде:

- клиентті тыңдайды және ол ұсынған құжаттармен танысады;
- ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда клиентке істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсыну туралы түсіндіреді;
- клиентке консультация береді, клиентпен келісілген істі шешу стратегиясы шеңберінде оған іс бойынша қолданылатын іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін, материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын түсіндіреді;
- клиентпен келісім бойынша қажетті құжаттарды (талаптар, арыздар, шағымдар, өтініштер, сұраныстар, жүгінулер) және басқа да іс жүргізу құжаттарын дайындайды немесе клиентке оларды дайындауға жәрдемдеседі;
- қорғаудың заңнамамен тыйым салынбаған барлық қажетті құралдары мен әдістерін пайдаланады.

5.2. Заң консультанттарына клиенттің жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттіктерін өзі мүддесін білдіретін клиентке нұқсан келтіре отырып пайдалануына тыйым салынады.

Заң консультанты мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында көзделген негіздер болған жағдайда заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Стандарттар Республикалық заң консультанттары алқасының басқармасы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

6.2. Стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.